

"Инвесторлар тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрінің 2025 жылғы 26 ақпандығы № 11-1-4/104 бүйріғына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2025 жылғы 7 тамыздағы № 11-1-4/475 бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 8 тамызда № 36595 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрінің 2025 жылғы 26 ақпандығы № 11-1-4/104 бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35754 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

осы бүйріқпен бекітілген Инвесторлар тізілімін қалыптастыру, жүргізу мен пайдалану қағидаларында:

2-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) инвестициялық жобалардың жалпыөнірлік пулы – өнірлік инвестициялық штаб шешімімен бекітілген критерийлерге сәйкес болған жағдайда жергілікті атқарушы органдар қалыптастыратын құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің жүз елу мың еселеңген мөлшеріне дейінгі, бастамашылары жеке кәсіпкерлік субъектілері (отандық және шетелдік инвесторлар) болып табылатын, экономиканың барлық салаларында іске асырылатын және пысықталатын инвестициялық жобалардың тізбесі;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Инвесторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу ҰЦИП шеңберінде автоматты режимде инвестициялық жобалардың жалпыұлттық және жалпыөнірлік пулдарына енгізілген инвестициялық жобалар туралы деректер негізінде жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Инвестициялық жобалардың жалпыұлттық және жалпыөнірлік пулдарын қалыптастыру 2023 жылғы 26 маусымдағы № 11-1-4/327 бүйріғымен бекітілген Инвесторлар үшін "бір терезені" ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ инвестициялар тарту кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32910 болып тіркелген).";

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Зан қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер Министрінің м.а.

A. Рахметуллин

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратуrasesы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК